


«Тексерілді»
«Данышпан балақай» жекеменшік
балабақшасының әдіскері:
 М.А.Туякова

**«Данышпан балақай» жекеменшік балабақшасының 2025-2026 жылының ұйымдастырылған іс-әрекеттің
Перспективалық жоспары**

№ 2 «Күншуақ» кіші тобы

Мақсаты: Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес жан-жақты дамуын қамтамасыз ету, олардың танымдық, тілдік, әлеуметтік және шығармашылық қабілеттерін қалыптастыру, қоршаған ортамен дұрыс қарым-қатынас жасауға үйрету.

Ұйымдастырылған іс әрекет	Сәуір
Дене тәрбиесі	Жалпы дамытушы жаттығулар. Қолды шапалақтау, қолдарды алға-артқа сермеу, саусақтарды бүгу және ашу. Алғажәне екі жаққа еңкею. Еденде отырып, аяқтарды кезекпен бүгу және жазу. Таяныштан ұстап отыру, аяқтың ұшымен тұрып, тартылу Негізгі қимылдар: Секіру. Бір орында тұрып қос аяқпен секіруге, алға қарай ұмтыла қос аяқпен затқа дейін (10-15 сантиметр) секіруге, 10-15 сантиметр биіктіктен секіруге, еденде жатқан секіргіштен, лентадан (қатар қойылған 2 арқаннан) аттап секіруге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар. Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын жеке орамалмен құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіру. Жеке заттарды қолдану (қол орамал, майлық, орамал, тарак, түбек), киіміндегі олқылықты байқау және оны өз бетінше, ересектердің көмегімен ретке келтіру, белгілі бір ретпен киіну және шешіну, әртүрлі ілгектерді қолдана білу, ұйықтар алдында киімдерін шкафқа немесе орындыққа ұқыпты бүктеп қою. Үстел басындағы мәдениеттің қарапайым дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, тамақ ішкенде сөйлемей, үстел басында дұрыс отыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Балаларды топта жеңіл киінуге үйрету. Күн тәртібіне сәйкес олардың таза ауада болу ұзақтығын қамтамасыз ету. Серуенде қимылды ойындарға қатысуға және жаттығуларды орындауға қызығушылық пен ықылас танытуға баулу.

	Шынықтыру шараларын өткізу. Қимылды ойындар. Балаларды ересектермен бірге қимылдары жеңіл, мазмұны қарапайым қимылды ойындар ойнауға ынталандыру. Балалардың ойынға қызығушылығын дамытуға ықпал етотырып, негізгі қимылдарды (жүру, жүгіру, лақтыру, домалату) жетілдіру. Қимылдарды үйлесімді орындауға, кейбір кейіпкерлердің қарапайым әрекеттерін жеткізе білуге үйрету (қоян сияқты секіру; аю сияқты қорбандап жүру). Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу: үш дөңгелекті велосипедке отыруға, одан ересектердің көмегімен және көмегінен тыс түсуге, ересектердің көмегімен және өз бетінше рөлді басқаруға үйрету. Дербес қимыл белсенділігі. Ересектің бақылауымен ойын әрекеттерін (спорттық, би) орындауға, қимыл белсенділігіне жағымды эмоция білдіруге, бұрынмен егерген қимылдарды өз бетінше орындауға ықыластанытуға баулу.
Тіл дамыту және көркем әдебиет	Жеке дауысты және дауыссыз дыбыстарды, еліктеу сөздерін, сөздерді және қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) дұрыс қайталап айтуға үйрету. Оқып беруде ойыншықтарды, суреттерді, үстел үстітеатрының кейіпкерлерін және басқа да көрнекі құралдарды көрсетумен сүйемелдеу, сонымен қатар көрнекіліксіз көркем шығарманы тыңдауын дамыту. Балаларды педагогтің көмегімен өлеңді толық қайталауға ынталандыру. Таныс өлеңдерді оқыған кезде балаларға сөздерді, сөз тіркестерін қосылып айтуға мүмкіндік беру.
Сенсорика	Заттар мен құралдарды қолданудағы дылаларын қалыптастыру, ауызшанұсқа мен үлгісін оқыттырып, тапсырмаларды орындауды, қимылдардың үйлесімділігін, қолдың ұсақ бұлшық еттерін, «көз бен қолдың» сенсомоторлық кеңістікті күйлесімділігін дамыту. Берілген заттардың 3-2 сенсорлық қасиеттеріне байланысты таңдауды жүзеге асыра отырып, түсі, көлемі, өлшемі бойынша әртүрлі заттарды салыстыру, заттардың санын ажырату (біреу-көп), әртүрлі көлемдегі заттарды атауын пысықтау.
Құрастыру	Табиғи материалдарды (құм, су, тас) қолданып, ойнауға мүмкіндік беру. Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды атау, қорапқа құрылыс бөлшектерін ұқыптылықпен жинауды. Құрдастарымен бірге құрастыруға баулу, олармен ойнау, қарапайым құрастырудағы дылаларын бекіту: үстіне, жанына қоюына қалыптастыру.
Қоршаған әлеммен таныстыру	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Үй жануарлары және олардың төлдерімен (қозы, лақ, бота), аңдармен (аю, қасқыр, қоян) және құстармен таныстыру, оларды ажырату және атау, сипаттамалық ерекшеліктерін ажырата білу. Өсімдіктермен жануарларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Жолдардағы қауіпсіздіктің қарапайым ережелерін біледі. Көліктер, көше, жол туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Көлік құралдарының кейбір түрлерімен таныстыру.

	қарсыүйлестіруарқылыберебілуді,дөңгелекжәнетолқынтаріздісызықтардыбейнелеуді,дәстүрлі емес әдістерменсуреттер салуды дамыту.
Мүсіндеу	Сазбалшық, ермексаз және оның қасиеттері туралы білімдерінқалыптастыру,сазбалшықты дұрысқолданудыжетілдіру. Пішінніңжоғарыбөлігінсаусақпенбасып,тереңдетуді,кесектердібіріктіруді мүсіндеуге арналған материалдарды қолдануды жетілдіру
Жапсыру	Бейнелердіфланелеграфта(сызықтарда,шаршыда),қағазбетіне қойып, құрастыруға, кескінді конструктивті т жасауға (жекелегенбөліктерден),ересектерменбіргетүстердітандауға(карама-қарсытүстер)үйрету. Фланелеграфтагеометриялықфигураларды,машиналарды,үйлерді,доптарды,шарларды,гүлдерді,қазақтыңұлт өрнектерінорналастырудағдыларынпысықтау.
Музыка	Музыка тындау: Әнніңмағынасын түсіну,қоңыраулардыңжоғарыжәнетөмендыбысталуын, фортепианоның дыбысталуын а білу, әртүрлі музыкалықаспаптардаорындалғантанымсыз әуендердітындау,бұл әуендердітанибілу. Ән айту: Ересектіңдауысинтонациясыменаспапқабейімделеотырып,әнніңқайталанатынсөздерін,музыкалықсөзтіркесімдерінбіргеайтуғаынталандыру. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету (қанатын жатқызар),ойындарменәндердісахналау. Қимылдардымузыкалықаспаптармен(бубенмен,сылдырмақпен,маракаспен)орындау дағдысындамыту.